

**"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 қазандағы № 781 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 қазанда № 19497 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10401 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Инжинирингтік қызметтерді ұйымдастыру";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Техникалық қадағалауды жүзеге асыру бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету";

10-тармақта:

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) пайдалануға беруге объектінің дайындығын растайды, "Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15150 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 235 Бұйрық) бекітілген нысан бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды береді";

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына ай сайынғы негізде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылыстың барысы туралы және

орындалған жұмыстардың сапасы туралы (фотоесептерді қоса бере отырып) ұдайы есептер ұсынады,";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Авторлық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді ұйымдастыру";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жобаны авторлық қадағалау авторлық қадағалау жүргізуге құқығы бар тапсырыс беруші мен жобаның авторы және (немесе) әзірлеушінің не сарапшының арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жобаны басқару бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету";

35-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1. Тапсырыс берушімен құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды беру туралы сауал жолдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жобаны басқару бойынша қызмет көрсететін ұйым және аталған ұйымның штаттық құрамындағы техникалық қадағалуды жүзеге асыратын тұлға тапсырыс берушіге № 235 Бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қол қойылған құрылыс монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындының нысанын ұсынады.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Атамкулов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2019 жылғы 16 қазандағы  
№ 781 бұйрығына  
қосымша

## Құрылыстың барысы туралы және орындалған жұмыстардың сапасы туралы есеп

\_\_\_\_\_ кезеңге  
Объект: \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
атауы, орналасқан жері, жауапкершілік деңгейі  
Тапсырыс беруші: \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
заңды/жеке тұлғаның атауы, мемлекеттік органдар, бизнес сәйкестендіру  
нөмірі  
(бұдан әрі - БСН)/жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)  
Бас мердігер (мердігер): \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
заңды тұлғаның атауы, БСН, мемлекеттік лицензияның нөмірі, лицензияның санаты  
Бас жобалаушы (жобалаушы): \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
заңды тұлғаның атауы, БСН, мемлекеттік лицензияның нөмірі, лицензияның санаты  
Авторлық қадағалаушы: \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
заңды тұлғаның атауы, БСН/ сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),  
ЖСН, аттестаттың нөмірі, жауапкершілік деңгейі  
Техникалық қадағалаушы: \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
аккредиттелген заңды тұлғаның атауы, БСН/ сарапшының тегі, аты, әкесінің аты,  
ЖСН, аттестаттың нөмірі, жауапкершілік деңгейі  
Сарапшы: \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, аттестаттың нөмірі, мамандануы,  
жауапкершілік деңгейі  
Қызметті немесе белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруды бастау немесе тоқтату  
туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның № және алынған күні

	Объектінің жай-күйі %		
--	-----------------------	--	--

Р/с №	Объектіге келген күні	Құрылымдық бөлім	Инженерлік желілер, жабдықтар	Әрлеу жұмыстары	Абаттандыру	Орындалған жұмыстардың сапасы	Орындалатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлері бойынша аттестатталған инженерлік-техникалық қызметкерлердің (бұдан әрі - ҚМЖ) болуы

**кестенің жалғасы**

Құрылыс процесінде жобалау-сметалық құжаттамаға енгізілетін өзгерістер	Атқарушылық-техникалық құжаттаманың жай-күйі	Құрылыс алаңын күтіп ұстау	Орындалған ҚМЖ күнтізбелік жоспарға сәйкестігі (иә, жоқ) себепін көрсете отырып, ҚМЖ тоқтатылған жағдайда консервациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу	Техникалық қадағалаушының беретін ескертулері

Қосымша: фотоесеп (ескертулер, ағымдағы жағдайы)

Сарапшының қолы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) Жасалған және қол қойылған күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_